



10-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА Эмансипаторлы зерттеу





Эмансипаторлық зерттеу – өзгеріс әкелуге тырысатын зерттерудің бір түрі. Баға беретін зерттеудің өзгерістің тиімділігіне баға беретін болса, іс-әрекетті талап ететін зерттеу зерттеу барысында өзгерісті кіріктіруге бағытталған, ал эмансипаторлық зерттеу үлкен жүйелерді өзгертуге бағдарланған. Мысалы, егер сіз қоғамдағы қиындықты шешу үшін бар нәрсені өзгерту жеткіліксіз, мәселені шешу үшін мәселенің түйінін, яғни жүйенің өзін өзгерту керек немесе алмастыру керек деп есептесеңіз, онда эмансипаторлық зерттеумен айналысқаныңыз дұрыс. Немесе мектептегі балалардың білім сапасы нашар екенін білсеңіз, және оны жақсартқыңыз келсе, онда мектеп директорын, немесе оқулықтарды ауыстыру жеткіліксіз, ол үшін білім министрлігі деңгейінде бұл мәселені қарастырып, жалпы білім беру жүйесін өзгерту керек деушілер де эмансипаторлық зерттеуге жүгінеді. Эмансипаторлық көзқарастағылардың ойынша, біз есімізді білгелі бері дұрыс деп санап өскеннің бәрі дұрыс болмауы мүмкін. Дұрыс деп санағанымыз тек біреулердің мүддесі үшін құрастырылған пікір ғана болуы мүмкін. Мысалы, әйел адамға қол жұмсаса оның өзінен, өйткені ол өзі соған лайық болатындай әдет-құлық көрсеткен деген кең тараған қоғамдық пікірді эмансипаторлық талдауға салуға болады. Өйткені бұл пікірдің қоғамда осылай кең таралуына ер адамдар мүдделі болған болуы керек, олар өздерінің іс-әрекетін оңай ақтап алуы үшін, әйел үстінен билігін еркін жүргізе алуы үшін ойлап шығарған дейді. Бұл пікір қоғамда әбден орнығып қалғандықтан, оған сыни тұрғыда қарау, оған қарсы шығу, оны дұрыс емес деп санау, оны теріске шығару қиын болады. Өйткені көпшілік бұл ойға әбден үйреніп қалған, және оның қате болуы мүмкін деген ойды да жібермейді. Сондықтан эмансипаторлық зерттеушінің мақсаты өздігінен солай болады деген пікірді сыни тұрғыдан талдау және ол пікірдің пайда болуына кім мүдделі екенін анықтау, ол пікір болмағанда жағдай қандай болар екенін қарастыру. Одан кейін келетін зерттеушінің мақсаты осындай үстемдік етушілердің ойлап шығарған түсініктерін тек оқып қана қоймай, сол түсініктің кесірінен жапа шегушілерге, соның құрбаны болып жүргендерге жағдайды түсіндіру. Себебі көп жағдайда жәбір көрушілер немесе маргиналданғандар өздерінің қазіргі хәліне әбден көндіккен және еш нәрсені өзгертудің қажеті жоқ деп ойлауы мүмкін. Өйткені олардың санасына осы ой әбден сіңіріледі. Сондықтан үстем түсініктің қателігіне баға беруге қауқарсыз болады. Бұндай жағдайда зерттеуші тек үстем идеологияны немесе түсініктерді теріске шығарып қоймай, жәбір шегушілердің санасын да өзгертуді мақсат етеді. Яғни, маргиналданғандар бұл жағдайдан шығуы үшін басқалардың көмегі жеткіліксіз. Бірінші кезекте жәбір шегушілер өздері жағдайды өзгертуге құлықты болуы тиіс. Ол үшін олардың санасын ояту керек. Тағы бір жағдайларда жалған түсініктің құрбаны өз жағдайының мүшкіл екенін түсінгенімен, өзі қалай қорғайтынын және өз мұңын қай жерге, қалай жеткізетінінен хабарсыз болуы мүмкін. Сондықтан эмансипаторлық зерттеуші маргиналданғандарға қалай үн сыйлауға беретінін де зерттейді. Эмансипаторлық бағыттағы зерттеушінің тағы бір мақсаты қолында билігі жоқ маргиналды топтарды күшпен қаруландыру. Мысалы, жәбір шеккендердің санасы өзгеріп, олар өз қиындықтарын ашық айтып, құқықтары үшін күрес жүргізген соң, олар қалайша билікке келе алады, немесе соған ат салыса алады немесе қалай өздері өгеріске ықпал ете алатынын да эмансипаторлық зерттеушілер қарастыруы тиіс. Бұлардың бәрін бір сөзбен түбегейлі өзгерістер әкелуді мақсат ететін зерттеулер деп сипаттауға болар еді. Кей жағдайларда бұндай зерттеулер революцияға да алып келуі мүмкін.

Түсініктірек болу үшін ең жиі кездесетін эмансипаторлық зерттеулерге мысал келтірейік: ол саяси билік жүйесін және оның иерархиясын зерттеу, әйелдердің қоғамдағы кемсітілген жағдайын патриархалдық иерархиялық жүйенің нәтижесі ретінде зерттеу, жеке елдегі экономикалық жағдайдың мүшкіл хәлін ғаламдық капиталистік жүйенің құрбаны ретінде зерттеу. Ал ауқымы кішірек эмансипаторлық зерттеулерге мектептегі жақсы оқитын балалардың үлгерімі нашар балаларға үстемдік етуі, жастардың жұмыс орнында шектен тыс жұмыспен жүктелуі, сырт елден немесе ауылдан келген балалардың мектепте, қоғамда кемсітілуі сияқты мәселелерді үлкенірек бір жүйелердің себебінен деп қарастыруы мүмкін. Белгілі бір деңгейде эмансипаторлық зерттеуді деконструкциялау тәсілімен салыстыруға болады. Өйткені екеуі де әбден санаға сіңісіп қалған түсініктерді бұзып, ол түсініктің ар жағында, астарында жатқан шынайы себептерді жіктеп, ашып көрсетіп, оның негізсіз екенін түсіндіріп береді. Және оны осылай қалдырмай, оны өзгертуге үндейді және сол үшін әрекет етеді, ол әрекеттердің қандай болуы керек екенін де зерделейді.

Эмансипаторлық зерттеудің түрлері.

Екі жақты қатысуды талап ететін зерттеу

Екі жақты қатысуды талап ететін зерттеудің шығуына себеп болған дамушы елдердегі отарлық саясаттан



соң құлдық сананы жоюға бағытталған зерттеулердің нәтижесінде қалыптасқан. Көбіне құлдық саясаттың құрбаны болып өскен елдерде үстем идеологияға қарсы шығу, қарсы тұру, оны сынау оңай бола бермейді. Әділетсіздіктер қалыпты жағдай ретінде қабылданып кетеді. Осындай жағдайларда зерттеуші екі жақты қатысуды талап ететін зерттеуге жүгінеді. Көбіне бұндай зерттеулер маргиналданғандардың құқығын қорғауды мақсат тұтатын халықаралық ұйымдар тарапынан жүргізіледі. Мақсатты жүзеге асыру үшін циклді және қатысушылық процестер жүзеге асырылады. Ол үстем идеологиялардың және жүйелердің ойлауды және әрекетті қалыптастыратын және шектейтін жолдарын зерттеуді жеңілдетуге және оның шынайы бейнесін ашып көрсетуге тырысады және кедейшілікке, қысымға, қуғын-сүргінге және/немесе әділетсіздікке үлес қосуы мүмкін биліктен маргиналданғандарды босата алатындай араласуларды іске асыруға жұмыс істейді. ЕЖҚТЕЗ мынандай қасиеттерге ие:

- Ол іс-жүзіндегі мәселелермен айналысады – Бұл зерттеу түрі шынайы қоғамдағы өзекті мәселелермен айналысады. Зерттеушіден аса белсенді болуды талап етеді. Кей жағдайларда бұндай зерттеу түрі зерттеушінің өзіне де қауіп төндіруі мүмкін.
- Ол білімді жасап шығарады – Идеологиялардың шынайы бет-пердесін ашып көрсету үшін зерттеуші оған қатысты ақпаратты өзі жинақтап, оның шынайы бет-пердесін өзі ашады. Осылайша ол өзі жаңа білім өндіріп шығады.
- Ол өзгеріс әкеледі – Эмансипаторлы білім тек қағаз күйінде қалып қоймай, шынайы жедел өзгерістерге бастайды.
- Ол қатысушылық – ЕЖҚТЕЗ зерттелінушінің де зерттеу процесіне тікелей қатысуын талап етеді. Сондай-ақ зерттеушінің өзі де сырттан жай бақылап тұра алмайды.
- Ол циклді үдеріске сүйенеді – Адамдардың санасын өзгерту бір күндік жұмыс емес. Сондықтан оны циклді түрде саты-сатымен атқару керек. Сондықтан ЕЖҚТЕЗ циклдік үдеріспен жүзеге асырылады.

Сыни этнография

Сыни этнографияны да эмансипаторлы зерттеудің бір түріне жатқыза аламыз. Дәстүрлі этнография белгілі бір мәдени топтың өмір сүру салтын зерттеумен ғана шектелетін болса, сыни этнография белгілі бір мәдени ортадағы үстем идеологияны зерттеп, оның жергілікті халыққа көрсетіп отырған қысымын ашып көрсетуді мақсат етеді. Тек оны ашып көрсетіп қана қоймай, оны қалай өзгертуге болатынын зерттейді. Сыни этнографияның да шығуына себеп болған отар елдердегі үстем идеологиялардың жүргізетін әділетсіз саясаты болды. 60-жылдардан соң АҚШ-та демократия, адам құқықтары деген сияқты бағыттағы қозғалыстар күрт көбейді. Сол кезде ғылымда маргиналданғандарды, құқы тапталғандарды, шеттетілгендерді зерттеуге бағытталған ізденістер қолға алына бастады. Сол себепті де көбіне сыни этнографияның нысанына гендер, нәсіл, тап мәселелерімен байланысты тақырыптар айналады. Егер бұрын этнографтар таза мәдени, этнографиялық зерттеулермен шектелген болса, енді саяси сауаттылығы артып, зерттеулермен саясатпен байланыстыра зерттеуге ден қоя бастады. Енді этнография тек этностық мәдени топтарға ғана қатысты қолданылмайтын болды. Ол кез келген ортақ мәдениетке ие топтарға қатысты болатын болды. Мысалы, діни сенімдері себепті немесе өмір сүру салтын ұстануындағы ерекшеліктеріне байланысты сол топтарды зерттеу де этнографияның нысанына айналды.

Жұмыс орнында жүргізілетін сыни этнография бастық пен қызметкер арасындағы жағдайды зерттеуге бағытталады. Мысалы, қандай жолдармен қызметкерге көбірек еркіндік беріп, бағыныштылықтан қалай құтылуға болады деген мәселелерді зерттейді.

Сыни этнографияда құжаттармен жұмыс істеу, терең бақылау, сауалнама жүргізу, терең сұхбат алу, қанық сипаттау сияқты тәсілдер қолданылуы мүмкін.

Сыни этнография көбіне антропология саласында кеңінен қолданылады.

Сыни этнографияға мына міндеттермен байланысты болуы тиіс:

- зерттеушілердің когнитивті қызмет етуін өзгерту;
- маргиналданғандарға «үн» сыйлау;
- әлеуметтік сауаттылықты көтеретін өзгелермен араласудың бастамасына түрткі болу;
- ортақ мақсаттарға иелердің байланыс ортасын жасау;
- заңнамалық және/немесе саяси реформалардың бастау орны болу.

Сыни этнография тек қана идеологияларды ашып көрсетпей, қазіргі реалийдің орнына қандай балама ұсынуға болатынын да қарастыру керек.



Эмансипаторлық зерттеуге байланысты қиындықтар:

Эмансипаторлық зерттеулермен байланыстырылатын негізгі сынның бірі ол зерттеуші қоғамдық белсенділікті ғылыми зерттеумен шатастырып алған дейтін сын. Яғни кейбір ғалымдар бұл зерттеу түрін ғылыми ізденіске жатқызған дұрыс емес деген пікірді ұстанады. Бірақ уақыттың өтуімен эмансипаторлық зерттеушілерді қолдайтындар да және қолданатындар да көбейіп, оған деген сұраныс өсіп жатыр.

Сондай-ақ, кейде зерттеушіге әділетсіз не орынсыз деп көрінетін нәрсе зерттелінуші үшін олай болмауы мүмкін. Мысалы, қызға қалың мал сұрау батыс мәдениеті үшін патриархалды иерархиялық жүйенің құрбаны болған жағдай сияқты қаралуы мүмкін. Осы тұрғыдан ол сыни этнографиялық зерттеудің нысанына айнала алады. Бірақ ол рәсімді ұстанушы мәдениеттің өзі оны керіс салт немесе үстем идеологияның нәтижесі деп қарамайды, оны өзгерткісі де келмейді, ол рәсімге ешкімнің де қарсылығы жоқ. Бірақ сырттан келген бөтен адам оны өз көзқарасына салып, оны зерттемекші. Осындай жағдайда эмансипаторлық зерттеу нысаны сіздің субъективті пікіріңіз себебінен ғана қате қарастырылып отырған жоқ па деген сұрақты да ойлану керек. Осыдан тағы бір қиындық туады. Кейде зерттеуші өзінің пікірін зерттелінушілерге телуі де мүмкін. Осы мысалда зерттеуші қызға қалың мал сұраған дұрыс емес деген пікірді зерттелінушілерге телуі мүмкін.

Эмансипаторлық зерттеу мысалы

Бұл зерттеу Нью-Йорк қаласының жастарымен бірлескен зерттеу жобасына негізделген. Жоба қала жастарының мемлекеттік мекемелермен қарым-қатынас орнатудағы әділетсіздік, әділдік тәжірибесін зерттеді. Авторлар салыстырмалы түрде артықшылыққа ие жастардың дамуында артықшылықтың атқарар тарихи және мойындалмаған рөлін талдады. Шынайы БІӨНЗ-де авторлар артықшылық түсінігін ғана емес, сондай-ақ оны өзара белсенді сыйластық үшін потенциалды платформа ретінде де сараптаған.

Бір жылға созылған бұл этнографиялық зерттеу кедейлігімен, қылмыстарымен және мәдени әралуындығымен танымал Жаңа Зеландияның Солтүстік Окландындағы көпұлтты мектептегі оқушылар өміріндегі дене шынықтыру пәнінің рөлін зерттеді. Авторлар дене шынықтыру пәнінің жағымды жақтарымен (жаңа адамдармен араласу, ойын және сыни тұрғыдан қарсылық көрсете алу) қатар, адамның өзін-өзі тану кеңістігін, адам ағзасының нәсіл мен гендерлік тұрғыдан қоғамдық талқыға түсуін саяси кеселге ұшырататын кеңістігін де түсінуге талпынысын зерттеудің маңызын да білуге болады.

Қорытынды:

Бұл зерттеу дизайндары біз білетін дәстүрлі зерттеу түрлерінен біршама өзгешеленеді.

Біріншіден, олар шынайы қоғамдық мәселелерді зерттейді.

Екіншіден, зерттеушіден асқан белсенділікті талап етеді.

Үшіншіден, зерттеуші мен зерттелушінің бірлесе жұмыс істеуін, екі жақтан да өзгертуге деген ынтаның болуын талап етеді.

Төртіншіден, зерттеушіден тек зерттеуші ғана болып қоймай, басқа да біліктілікке ие болуын талап етеді.

Бесіншіден, өзгеріс әкелуге тырысатын зерттеулердің бәрі де көп жағдайда саяси жағдайлармен тікелей не жанама түрде байланыста болады.